

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Стоматология факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫ

27.09. 2023 ж.

Түркістан қ., 2-корпус, 301 каб.

Катысқандар: комиссия төрайымы х.ғ.к., доцент А.К. Мамырбекова, комиссия мүшелері: х.ғ.к., доцент Э.Ж. Тулешова; магистр, аға оқытушы А.А. Кушкарлова; оқытушы А. Мусаева; оқытушы Д.Н. Неметова, оқытушы А.Ускенбаева, 504 тобының студенті А. Иса; әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері М. Шалтаева.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның 2023-2024 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыну.
2. ББ мерзімді жаңартылуын, ҚР ҒжЖБМ Реестрінде тіркелуін және мазмұны мен құрылымы талаптарға сәйкес рәсімделуіне мониторинг жүргізу.
3. ББ-ның педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталуына мониторинг жүргізу.
4. Қыркүйек айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

1-ші сұрақ бойынша: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша факультеттің 2023-2024 оқу жылына арналған Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жоспарымен комиссия мүшелерін таныстырып, ағымдық оқу жылында қыркүйек-маусым айларында атқарылатын жұмыстарына және орындау мерзімдеріне, жауапты тұлғаларға назар аударып, бекітуге ұсынды.

Шешімі: 2023-2024 оқу жылына арналған факультеттің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жоспары университеттің Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімімен келісіп, бекітілуге ұсынылсын.

2-ші сұрақ бойынша: комиссиясы төрайымы А.К. Мамырбекова екінші мәселе бойынша сөз алып, 6В10189- Стоматология білім беру бағдарламасы 2023-2024 оқу жылына құрастырылып, мазмұны мен құрылымы талаптарға сәйкес рәсімделгені туралы ақпарат берді. Сонымен қатар, жаңартылған 6В101 – Денсаулық сақтау бағыты бойынша 6В10189- Стоматология ББ-ның паспортымен, мақсатымен, Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасымен комиссия мүшелерін таныстырып, түлектің біліктілік сипаттамасына ерекше назар аударып, аталған ББ бойынша бітірушіге ВМ087 –Стоматология білім беру бағдарламасы бойынша медицина магистрі академиялық дәреже берілетіні туралы айтты. 6В10189- Стоматология БББ бойынша білім алушының игеретін кәсіби құзыреттеріне: медициналық білім, коммуникациялар, клиникалық дағдылар, кәсібилік, жеке және кәсіби даму, нормативтік құқықтық білім, зерттеу құзыреттеріне жеке тоқталып, оқыту нәтижелеріне назар аударды.

Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша, олардың ішінде жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклінің міндетті және тандау компоненттері, базалық пәндер циклінің ЖОО-ның және тандау компоненті, бейіндеуші пәндер циклі ЖОО-ның және

тандау компоненті, сонымен қатар екі кәсіби практикалардың өту барысында қалыптасатын оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы бар деп, есептеуге болады. Биылғы оқу жылынан бастап жаңартылған 6B10189- Стоматология ББ модульдік жүйе бойынша оқытылатынын атап кетті.

Комиссия мүшесі х.ғ.к., доцент Э.Ж. Тулешова сөз алды: 2023-2024 оқу жылында қабылданатын білімгерлер үшін білім беру бағдарламасы біріктірілген бағдарлама болып табылады. Білім беру жоспарындағы барлық курстарды, соның ішінде клиникалық интернатураны сәтті аяқтаған түлектерге стоматология магистрі дәрежесі беріледі. Үздіксіз кіріктірілген медициналық білім берудің үлгілік оқу жоспары шеңберінде интернатурада оқыту кемінде 30 кредит көлемінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс берушілермен, яғни клиникалармен келісім шарт жасалғанын атап өтті.

Үздіксіз кіріктірілген медициналық білім берудің білім беру үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны үш циклдің пәндерінен тұрады. Жалпы білім беретін пәндер циклінің көлемі – 56, оның ішінде міндетті компонент-51, таңдау компоненті (ТК) -5; базалық пәндер циклі - 96, оның ішінде жоғары оқу орны компоненті (ЖК) -87, ТК -9; бейіндеуші пәндер циклі -151, оның ішінде ЖК -139, ТК -12, интернатура -38, эксперименттік-зерттеу жұмысы -13; қорытынды аттестаттау-12, жалпы барлығы - **366** академиялық кредитті құрайды. Эксперименттік-зерттеу жұмысының бөлімінде магистранттың тәжірибелік –зерттеу жұмыстары жоспарланған: тағылымдама, магистрлік жоба I және магистрлік жоба II, қорытынды аттестаттау - магистрлік жобаны жазу және қорғау және кешенді емтиханды тапсыру.

Шешімі: 6B101 – Денсаулық сақтау бағыты бойынша жаңартылған 6B10189- Стоматология ББ-ның мазмұны мен құрылымы талаптарға сәйкес рәсімделген.

3-ші сұрақ бойынша: комиссиясы төрайымы А.К. Мамырбекова үшінші мәселе бойынша сөз алып, ББ-дың оқытушы-профессорлар құрамымен, тәлімгерлермен жасақталуына мониторинг жүргізу бойынша мәліметтерді берді. 6B10189- Стоматология (1 курс) және 6B10156- Стоматология (2-5 курс) білім беру бағдарламалары бойынша оқу және тәрбие процестерді жүргізу үшін факультет құрамына кіретін төрт кафедраның: терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы, хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы, адам патологиясы кафедрасы, зертханалық пәндер кафедрасының штат кестелері бекітіліп, оқытушы-профессорлар құрамы жасақталды (4 кафедраның 1-қосымшасы тіркелген). Факультетте **51,5** штатта **47** оқытушы қызмет атқарады, ғылыми дәрежелік - **28** % құрайды. Эдвайзерлер 5 курсқа тәлімгерлік жұмысты жүргізеді: 1-курс, 101-105 топтар; 2-курс, 201-204 топтар зертханалық пәндер кафедрасы; 3-курс, 301-311 топтар - адам патологиясы кафедрасы, 2-курс, 205р-208р топтар және 4-курс, 401-410 топтар - хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы, 5-курс, 501-515 топтар - терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы. Барлық эдвайзерлер тәлімгерлік топтармен бекітілген тәрбие жоспарлары бойынша жұмыс атқаруда, сабаққа қатысуы және үлгерімі бойынша деканатқа мәлімет беріп, қадағалайды.

Шешімі:

1. 6B10189- Стоматология және 6B10156- Стоматология білім беру бағдарламалардың педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталған, білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес деп есептелінсін.

2. Факультеттің ғылыми дәрежелігін көтеру жұмыстары жүргізіліп, факультет басшыларының назарына алынсын.

Мәжіліс төрайымы:

А.К. Мамырбекова

Мәжіліс хатшысы:

Д.Б. Неметова